

Zoloto Nomadov Invest
«АҚШ 100 ең ірі IPO компаниялары»
инвестициялық портфелінің
инвестициялық декларациясы

«Nomad Life» ӨСҚ» АҚ басқаруымен
(«Nomad Life» Өмірді сақтандыру компаниясы» Акционерлік қоғамы)

1. ЖАЛПЫ АҚПАРАТ

1.1. Басқарушы компания туралы ақпарат:

- 1) Басқарушы компанияның орыс тіліндегі толық ресми атавы – Акционерное общество «Компания по страхованию жизни «Nomad Life» (бұдан әрі – Басқарушы компания/Сақтандырушы);
- 2) Басқарушы компанияның мемлекеттік тілдегі толық ресми атавы – «Nomad Life» Өмірді сақтандыру Компаниясы» Акционерлік қоғамы;
- 3) Басқарушы компанияның орналасқан жері: Алматы қ., Республика алаңы, 15;
- 4) Басқарушы компанияның лицензиясы:
 - a) инвестициялық портфельді басқару бойынша бағалы қағаздар нарығындағы қызметті жүзеге асыруға – 2019 жылғы 10 шілдедегі №3.1.4.18.;
 - b) «өмірді сақтандыру» саласында сақтандыру (қайта сақтандыру) қызметін жүзеге асыруға – Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі 2019 жылғы 21 қаңтарда берген № 2.2.47 (Лицензия алғаш рет 2008 жылғы 28 мамырда берілген).

1.2. Инвестициялық портфельдің активтерін есепке алуды және сақтауды жүзеге асыратын Кастодиан туралы ақпарат (бұдан әрі – Кастодиан):

- 1) Кастодианның толық ресми атавы – «Ресей Жинақ банкі» Акционерлік қоғамының Еншілес банкі;
- 2) Кастодианның орналасқан жері: 050059, Алматы қ., Әл-Фараби даңғ., 13/1, КФО «Нұрлы Tay», 3 “B” блок;
- 3) Кастодианның кастодиандық қызметті жүзеге асыруғалицензиясы №1.2.199/93/31, Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі 2020 жылғы 03 ақпанда берген.

2. Zoloto Nomadov Invest «АҚШ 100 ең ірі IPO компаниялары» инвестициялық портфелинің (бұдан әрі – Портфель) инвестициялық саясатының мақсаттары мен міндеттері

- 2.1. Портфельдің инвестициялық қызметі Басқарушы компанияның клиенттердің табыс алу мақсатында Портфель активтерін инвестиациялауы болып табылады.
- 2.2. Портфельдің инвестициялық саясатының мақсаты Портфель активтерінің ең жоғары өтімділігін қамтамасыз ете отырып, АҚШ-тағы ең ірі 100 IPO (акциялардың бірінші орналастырылуы) компанияларының акциялары енгізілетін, IPOX 100 U.S. Index (бұдан әрі – базалық индекс) индексінен кейін жүру жолымен Портфель активтері құнының өсуі болып табылады. Базалық индекстің ерекшелігі - компаниялардың акциялары 6-шы сауда күні жабылғаннан кейін индекске енгізіледі және одан алып тастағанға дейін 1000 сауда күні ішінде индексте қалады, ол шамамен 4 жылды құрайды.
- 2.3. Басқарушы компанияның Портфельдің активтеріне қатысты міндеті активтерді базалық индекстің инвестициялық нәтижесін неғұрлым дәлдікпен қайталауға ықпал ететін қаржы құралдарына инвестиациялау болып табылады. Басқарушы компания жағымсыз инвестициялық нәтижені азайтуға немесе оң инвестициялық нәтижені үлғайтуға тырыспай, инвестициялық нәтижеге пассивті тәсілді пайдаланады.

3. Инвестициялау объектілерінің тізбесі, мәмілелердің түрлері, Портфель активтерін инвестициялаудың шарттары мен лимиттері

- 3.1. Портфельдің базалық валютасы АҚШ доллары болып табылады.
- 3.2. Портфель активтерінің құрамына Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексін айқындау бойынша Портфель активтерінің құрамына сатып алуға тыйым салынбаған барлық қаржы құралдары кіруі мүмкін.

Инвестициялау нысандарының (қаржы құралдарының) тізбесі	Портфель активтері құнының үлесі, %
Exchange Traded Funds (ETF), құрылымы базалық индексті қайталайтын.	100% дейін
АҚШ доллары	100% дейін
Тенге	100% дейін

- 3.3. Портфель активтері есебінен қаржы құралдарымен мәмілелер брокерлік қызметті және (немесе) бағалы қағаздар нарығындағы дилерлік қызметті жүзеге асыруға қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу, бақылау мен қадағалау жөніндегі уәкілетті орган берген және (немесе) шетелдік ұйымды тіркеуші елдің уәкілетті органы берген бағалы қағаздар нарығында брокерлік қызметті ұйымдардың жүзеге асыруға лицензиясы бар бағалы қағаздар нарығының кәсіби қатысуышыларының қызметтерін пайдалана отырып жасалады.
- 3.4. Ашық сауда-саттық әдісімен жасалған ұйымдастырылған нарықтағы мәмілелерді қоспағанда, Портфельдің активтері есебінен қаржы құралдарымен мәмілелер Басқарушы компанияның үлестес тұлғаларымен және (немесе) Басқарушы компаниямен ерекше қатынастармен байланысты тұлғалармен жасалмайды.
- 3.5. Портфельдің активтерін инвестициялау туралы шешімді қабылдау Басқарушы компанияның инвестициялық комитеті Басқарушы компанияның ішкі құжаттарында айқындалған тәртіппен жүзеге асырылады.
- 3.6. Басқарушы компания Портфельдің активтерін сенімгерлік басқаруды кез келген мәмілелер мен іс-әрекеттер жасау жолымен жүзеге асыруға, Портфельдің инвестициялық декларациясына және Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес сенімгерлік басқарушының құқықтарын пайдалануға, оның ішінде:
 - 1) ұйымдастырған бағалы қағаздар нарығында мәмілелер жасауға;
 - 2) Қазақстан Республикасы заңнамасының нормаларын сақтай отырып, қаржы құралдарын сатып алу/сату бойынша мәмілелер жасауға құқылы.

4. Портфель активтерінің құнын есепке алу және анықтау тәртібі.

- 4.1. Басқарушы компания және Кастодиан Портфель активтерін Басқарушы компанияның меншікті активтерінен және қызмет етуін Кастодиан және Басқарушы компания қамтамасыз ететін өзге де инвестициялық портфельдердің активтерінен бөлек есепке алууды жүзеге асырады.

- 4.2. Портфель активтерінің сақталуы Қазақстан Республикасының заңнамасына және Кастодианның және Басқарушы компанияның ішкі құжаттарына сәйкес кастодиандық шарт негізінде Портфельдің Кастодианымен жүзеге асырылады.
- 4.3. Басқарушы компания Портфельдің шартты бірліктерін төлеуге алынған ақша қаражаты, алынған кіріс пен Портфельдің активтері есебінен өтелетін шығыстар бөлігінде активтерді есепке алууды жүзеге асырады.
- 4.4. Портфель активтерінің ағымдағы құнын есепке алу және анықтау Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарында, бухгалтерлік есеп пен қаржылық есептілік стандарттарында белгіленген шарттарда және тәртіппен жүзеге асырылады.
- 4.5. Бір шартты бірліктің құнын және Портфель бойынша шартты бірліктердің санын есептеу күн сайын жүргізіледі.
- 4.6. Портфельдің бір шартты бірлігінің құны Портфель активтерінің ағымдағы құнын күн соңындағы Портфель активтерінің шартты бірліктерінің санына бөлу жолымен айқындалады.
- 4.7. Портфель активтерінің құнын айқындау АҚШ долларымен жүргізіледі.
- 4.8. Активтердің ағымдағы құны және бір шартты бірліктің құны үтірден кейін он екі белгіге дейінгі дәлдікпен айқындалады.
- 4.9. Портфельдің шартты бірліктерінің саны үтірден кейін 6 белгіге дейінгі дәлдікпен анықталады.
- 4.10. Портфель активтерінің құрамында қаржы құралын тану, сондай-ақ қаржы құралын есептен шығару Басқарушы компанияның есепке алу жүйесінде мәміле тіркелген күні жүзеге асырылады.

5. Басқарушы компанияға, Кастодианға және Портфельдің активтері есебінен төлеуге жататын өзге тұлғаларға төленетін шығыстар мен сыйақылардың түрлері, анықтау тәртібі және ең жоғары мөлшерлері

- 5.1. Портфель активтерінің есебінен Кастодианға, тіркеушіге, брокерлерге, сауда-саттықты ұйымдастырушыға және олар мен Басқарушы компания арасында жасалған шарттардың талаптарымен Портфельдің қызмет етуін қамтамасыз ететін өзге тұлғаларға сыйақы төленуге тиіс, бірақ Портфель активтерінің ағымдағы құнынан жылына 2,5%-дан аспайтын сомада. Сақтанушылардың активтерін инвестициялаумен, есепке алумен және сақтаумен байланысты шығыстарды есептеу күн сайын жүзеге асырылады.
 Сақтанушылардың активтерін инвестициялаумен, есепке алумен және сақтаумен байланысты шығыстардың мөлшері Басқарушы компания мен Портфельдің қызмет етуін қамтамасыз ететін тұлға арасында жасалған шартпен белгіленеді.
 Кастодиандық қызмет көрсету бойынша шығыстарға мыналар жатады:
 - Портфельдің қаржы құралдарын есепке алу және сақтау бойынша – активтердің ағымдағы құнынан жылына 0,25%;
 - Портфельдің қаржы құралдарымен жасалатын операциялар бойынша (жергілікті және жаһандық кастоди, орталық депозитарий) – Портфельдің қаржы құралымен жасалатын әрбір операция бойынша бір жолғы 4500 теңgedен артық емес.

Брокерлік қызмет көрсете бойынша шығыстар операция көлемінің 0,05%-ын құрайды, бірақ 1 АЕК-тен кем емес.

- 5.2. Шартты бірлікті (Bid/Ask) сату/кері сатып алу кезінде Портфельдің шартты бірлігінің бағасына үстеме (операция көлемінен бір рет) – Портфельдің шартты бірліктерін сатуға/кері сатып алуға арналған транзакция сомасының 0,2%-дан аспайды.

6. Портфельдің активтерін хеджирлеу және әртараптандыру шарттары

- 6.1. Портфель инвестициялық тәуекелдерді хеджирлеу мақсатында туынды қаржы құралдарына инвестициялауға ниетті емес, өйткені Портфельдің мақсаты базалық индекстің табыстылығын қайталау болып табылады.
- 6.2. Әртараптандыру мақсатында Басқарушы компания құрылымы базалық индекстің қайталайтын ықтимал Exchange Traded Funds (ETF) тізбесін пайдаланады.

7. Инвестициялық декларацияда айқындалған объектілерге инвестициялауға байланысты тәуекелдер, сондай-ақ оларды төмендетуге бағытталған іс-шаралар

- 7.1. Қаржы құралдарына инвестициялау тәуекелге байланысты және негізгі инвестицияланған соманы қайтару бойынша да, қандай да бір табыс алу бойынша да кепілдіктерді білдірмейді. Қаржы құралдарына инвестициялау тәуекелдері мұнадай тәуекелдермен шектелмейді:
- 1) Басқарушы компанияның, индекстерді жеткізушінің және қызметтерді басқа да жеткізушілердің, маркет-мейкерлердің немесе Басқарушы компания инвестициялайтын бағалы қағаздар әмитенттерінің электрондық жүйелерінің жұмысындағы киберқауіпсіздік, іркілістер немесе бұзушылықтар тәуекелі Портфель операцияларына теріс әсер ететін және/немесе Портфель үшін ықтимал қаржылық ысыраптарға әкеп соқтыруы мүмкін. Басқарушы компания жүйелік бұзушылықтарды немесе іркілістерді жоюға бағытталған бизнестің үздіксіздігін қамтамасыз ету жоспарларын және тәуекелдерді басқару жүйесін әзірлегенімен, мұндай жоспарлар мен жүйелерде белгілі бір шектеулер бар. Бұдан басқа, Басқарушы компания индекстерді жеткізушінің және қызметтерді басқа да жеткізушілердің, нарыққа қатысушылардың немесе инвестициялайтын бағалы қағаздар әмитенттерінің жоспарлары мен кибер қауіпсіздігі жүйелерін бақылай алмайды.
 - 2) Шоғырлану тәуекелі. Портфель шығындардың, оның ішінде Портфельдің инвестициялары нақты әмитенттің немесе әмитенттердің, елдің, елдер тобының, өнірдің, нарықтың, саланың, салалар тобының, сектордың немесе активтер класының бағалы қағаздарында шоғырланған дәрежеде тұтастай алғанда қор нарығына қарағанда Портфельдің инвестицияларына көп әсер ететін қолайсыз оқиғалардың салдарынан шығындардың жоғары тәуекеліне ұшырауы мүмкін.
 - 3) Акциялар тәуекелі. Акциялар құндағы өзгерістерге ұшырайды және олардың құны активтердің басқа сыйыптарына қарағанда неғұрлым өзгермелі болуы мүмкін. Базалық индекс жай акциялардан тұрады, олар, әдетте, өз ұстаушыларын

артықшылықты акциялар мен борыштық бағалы қағаздарға қарағанда үлкен тәуекелге ұшыратады, өйткені жалпы акционерлердің талаптары эмитенттің банкроттығы кезінде артықшылықты акциялар мен борыштық бағалы қағаздарды ұстаушылардың талаптарына бағынады.

- 4) Ақпараттық технологиялар секторының тәуекелі. Ақпараттық технологиялармен айналысатын компаниялар еткірбәсекелестік және өнімнің талаптарынан тап болады. Олар сондай-ақ зияткерлік меншік құқықтарына қатты тәуелді және осы құқықтардың жоғалуынан немесе бұзылуынан зардап шегуі мүмкін. Бағдарламалық қамтамасыз ету индустриясындағы компаниялар, атап айтқанда, өз өнімдері мен қызметтеріне жазылуды ұзарту ставкаларының төмендеуінен немесе ауытқуынан, сондай-ақ өз өнімдеріндегі немесе қызметтеріндегі нақты немесе болжамды осалдықтардан зардап шегуі мүмкін.
 - 5) Iрі капиталдандыру компанияларының тәуекелі. Капиталдандыруы көп компаниялар капиталдандыруы аз компанияларға қарағанда өзгермелі нарықтық жағдайларға бейімделуге қабілеттілігі аз болуы мүмкін. Капиталдандыруы үлкен компаниялар неғұрлым жетілген болуы мүмкін және капиталдандыруы аз компаниялармен салыстырғанда неғұрлым шектеулі өсу әлеуетіне ие болуы мүмкін.
 - 6) Елдік тәуекел - шет мемлекет резидентінің төлем қабілетсіздігі немесе міндеттемелер бойынша жауап беруді қаламауы салдарынан шығыстардың (шығындардың) туындау тәуекелі, себебі инвестициялар бір ел - АҚШ шеңберінде бөлінген.
 - 7) Табыстылық ауытқуының өзгергіштігі (tracking error) – қоржын табыстылығының базалық индектің табыстылығынан ауытқуының өзгергіштігін көрсететін базалық индекске қатысты портфельдің нарықтық тәуекелінің негізгі көрсеткіші. Tracking error портфельдегі және базалық индекске енгізілген бағалы қағаздар мен басқа да құралдар арасындағы айырмашылықтардан, сондай-ақ жаңандық басқарушы компанияның шығыстары мен Портфельдің шығыстарынан туындауы мүмкін. Бұл тәуекел нарықтың жоғары құбылмалылығы немесе басқа да ерекше нарықтық жағдайлар кезеңдерінде жоғарылатылуы мүмкін.
- 7.2. Басқарушы компанияның өткен қызметінің нәтижелері болашақта Портфель табыстарының кепілдігі болып табылмайды және Портфельдің шартты бірліктерін сатып алу туралы шешімді инвесторлар Портфельдің инвестициялық декларациясымен танысқаннан кейін дербес қабылдайды.
- 7.3. Тәуекелдер дәрежесін төмендетуге бағытталған іс-шаралар болып төмендегілер табылады:
- 1) Клиенттердің активтерін және Басқарушы компанияның активтерін бөлек есепке алуды қамтамасыз ету;
 - 2) Кастодиан жүзеге асыратын клиенттің активтерін есепке алу және сақтау, шартты бірліктің есептерін салыстыру. Сондай-ақ Кастодиан кастодиандық қызмет көрсетуге берілген бағалы қағаздарды номиналды ұстауды жүзеге асырады.
 - 3) Басқарушы компанияның тәуекелдерді басқарудың тиімді жүйесінің жұмыс істеуін қамтамасыз ету, атап айтқанда процесті ұйымдастыру:

- a) тәуекелдерді сәйкестендіру және бағалау, сондай-ақ тәуекелдер көрсеткіштерінің барынша рұқсат етілген мәндерін айқындау процесі;
 - b) қызмет процесінде туындастын тәуекелдерді басқару бойынша шаралар қабылдау;
 - c) сәйкестенділген (анықталған) тәуекелдер мониторингі, бағалау және бақылау;
 - d) анықталған тәуекелдерді азайту жөніндегі іс-шаралар жоспарын және тәуекелдерді азайту жөніндегі іс-шаралар жоспарының мониторингін әзірлеу;
 - e) қаржылық тұрақсыздық және төтенше жағдайлар жағдайында іс-шаралар жоспарын орындау;
 - f) Басқарушы компания бөлімшелерінің қызметін тәуекелдерді басқару бөлігінде бекітілген ішкі саясатқа сәйкестікке қамтамасыз ету;
- 4) инвестициялық шешімдер қабылданатына қаралаттың дүрыстығы мен толықтығы;
- 5) Басқарушы компания қызметінің үздіксіздігін және ақпараттық жүйелердің жұмыс істеуін қамтамасыз ету;
- 6) Басқарушы компаниялардың тәуелсіз аудитордың жылдық қаржылық есептілік аудитін жүргізуі.

8. Портфельдің инвестициялық саясаты бойынша шектеулер

- 8.1. Басқарушы компания мәмілелер жасасу жөнінде шешім қабылдамайды және мәмілелерді жүзеге асырмайды:
- 1) Клиенттің инвестициялық басқаруға берілген активтері есебінен Басқарушы компанияның меншігіндегі қаржы құралдарын және өзге де мүлікті сатып алу бойынша;
 - 2) клиенттің активтерін өз меншігіне иеліктен шығару бойынша;
 - 3) Басқарушы компания қор биржасында ашық сауда-саттық әдісімен жасалған мәмілелерді қоспағанда, бір мезгілде өз клиенттің мүдделерін және оның клиенті болып табылмайтын үшінші тұлғаның мүдделерін білдіреді;
 - 4) Басқарушы компания шығарған қаржы құралдарын және (немесе) Басқарушы компаниядан инвестициялық басқарудағы инвестициялық қорлардың бағалы қағаздарын клиенттің активтері есебінен сатып алу бойынша;
 - 5) эмитенттердің тарату процесіндегі бағалы қағаздарын клиенттің активтері есебінен сатып алу бойынша;
 - 6) эмитент дефолт жасаған (бағалы қағаздарды және эмитенттің міндеттемелерін қайта құрылымдау мақсатында шығарылған осы эмитенттің бағалы қағаздарына эмитенттің өзге де міндеттемелерін айырбастауды қоспағанда) күннен бастап бағалы қағаздарды клиенттің активтері есебінен сатып алу, эмитенттің бағалы қағаздарын қор биржасының ресми тізімінің «буферлік санаты» санатына ауыстыру, қор биржасы осы бағалы қағаздармен сауда-саттықты тоқтата тұру бойынша;
 - 7) клиенттің инвестициялық басқаруға қабылданған активтеріне қатысты мәміле жасалған кезде төлемді отызкүнтізбелік күннен астам мерзімге кейінге қалдыруды немесе бөліп төлеуді көздейтін;
 - 8) осы клиенттің инвестициялық портфелін басқару жөніндегі қызметке байланысты емес өзінің меншікті міндеттемелерін немесе үшінші тұлғалардың

міндеттемелерін орындауды қамтамасыз ету үшін клиенттің инвестициялық басқаруға қабылданған активтерін пайдалануды болжайтын;

- 9) клиенттің активтерін өтеусіз иеліктен шығару бойынша ;
 - 10) Клиенттің активтері есебінен клиентке тиесілі емес қаржы құралдарын сату туралы шарттар жасасу бойынша («қысқа сату»);
 - 11) ашық сауда-саттық әдістерімен қор биржасының сауда жүйесінде жасалған мәмілелерді қоспағанда, инвестициялық қор болып табылмайтын клиенттің активтерінің құрамына Басқаруши компаниядан инвестициялық басқарудағы инвестициялық қорлардың активтерін сатып алу бойынша;
 - 12) в результате которых будут нарушены требования, установленные финансовым законодательством Республики Казахстан и (или) инвестиционной декларацией.
 - 13) осы тармақтың 4) тармақшасының күші жабық инвестициялық пай қоры болып табылмайтын үлеспұлдық инвестициялық қорының үлестерін Портфельге сатып алу жағдайларына қолданылмайды.
- 9. Сенімгерлік басқарушарты (қосылу шарты) осы инвестициялық декларацияның Қосымшасы және ажырамас бөлігі болып табылады және www.nomadlife.kz сайтында орналастырылған.**

Zoloto Nomadov Invest «АҚШ 100 ең ірі IPO компаниялары»
инвестициялық портфельдің
инвестициялық декларациясына қосымша

СЕНІМГЕРЛІК БАСҚАРУ ШАРТЫ (қосылу шарты)

«Nomad Life» ӨСК» АҚ Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі берген 2019 жылғы 10 шілдедегі № 3.1.4.18 Бағалы қағаздар нарығындағы қызметті жүзеге асыруға лицензия негізінде осы Сенімгерлік басқару шарты (қосылу шарты) (бұдан әрі – Шарт) негізінде инвестицияларға қатысумен сақтандыру шартын жасасқан жеке тұлғаларға активтерді сенімгерлік басқару бойынша қызметтер көрсетеді.

1. Осы Шартта тәмендегідей терминология қолданылады :

1. **Сақтандырушы/Басқарушы компания** – «Nomad Life» Өмірді сақтандыру компаниясы Акционерлік қоғамы.
2. **Сақтанушы** – Сақтандырушымен сақтандыру шартын жасасқан жеке тұлға (18 жасқа толған).
3. **Сақтанушының инвестицияларға қатысумен сақтандыру шарты (бұдан әрі - сақтандыру шарты)** – Сақтандырушы мен Сақтанушы арасында жасалатын және Сақтанушының инвестицияларға қатысу шартын көздейтін сақтандыру шарты.
4. **Сақтандырусыйлықақысы (сақтандыру жарнасы)** – Сақтанушы Сақтандырушыға соңғысының сақтандыру шартында айқындалған мөлшерде Пайда алушыға сақтандыру төлемін жүзеге асырғаны үшін төлеуге міндепті ақша сомасы.
Қағидалардың талаптарын іске асыру мақсатында сақтандыру сыйлықақысы тәмендегілерге бөлінеді:
 - 1) **Сақтандыру сыйлықақысының тәуекелді бөлігі** – сақтандыру жағдайының басталу тәуекелін өтейтін сақтандыру сыйлықақысының (сақтандыру жарналарының) бөлігі, Сақтандырушының әкімшілік шығыстары.
 - 2) **Сақтандыру сыйлықақысының жинақтаушы бөлігі** – инвестициялау мақсаттары үшін алынған сақтандыру сыйлықақысының (сақтандыру жарналарының) бөлігі.
5. **Инвестициялық декларация** – инвестициялау объектілерінің тізбесін, Сақтанушының активтеріне қатысты инвестициялық қызметтің мақсаттарын, стратегияларын, талаптары мен шектеулерін, инвестицияларға қатысатын шарттың ажырамас бөлігі болып табылатын Сақтанушының активтерін хеджирлеу және әртаратандыру талаптарын айқындастын құжат.
6. **Инвестициялық портфель** – Сақтанушының активтері есебінен сатып алынған қаржы құралдарының алуан түрлерінің жиынтығы.

7. **Сақтандыруға өтініш** - Сақтандырушының Сақтанушы атынан Сақтандыру шартының ажырамас бөлігі болып табылатын Сақтандырушының Сақтандыру қағидаларында көзделген іс-әрекеттерді жүзеге асыруына келісімі.
8. **Сақтандыру қағидалары** - Директорлар кеңесімен бекітілген Сақтанушының қатысуымен жинақтаушы сақтандыру қағидалары.
9. **Сақтанушының активтері** - инвестициялау мақсаттары үшін Сақтанушылардан алынған сақтандыру сыйлықақыларының (сақтандыру жарналарының) бір бөлігі және сақтандыру шарттары бойынша оларды инвестициялаудан алынған табыстар (шығындар) есебінен қалыптастырылатын активтер.

2. Шарттың мәні

- 2.1. Осы Шартпен Сақтанушы Сақтандыру қағидаларына, инвестициялық декларацияға, Сақтандырушының өзге де ішкі құжаттарына және Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес инвестициялау мақсатында сақтандыру шарты негізінде Сақтанушының сақтандыру сыйлықақысының жинақтаушы бөлігін береді, ал Сақтандырушы сенімгерлік басқаруға қабылдайды. Шарт қосылу шарты болып табылады. Осы Шарттың талаптарын Сақтанушы Шартқа тұтастай қосылу арқылы ғана қабылдауы мүмкін.
- 2.2. Сақтандырушылардың Активтерін басқаруды Сақтандырушы оларды Инвестициялық портфельге біркітіру және тұтастай Инвестициялық портфельді басқару жолымен жүзеге асырады. Бұдан әрі осы Шарттың мәтіні бойынша инвестициялық портфельді басқару әрбір Сақтанушының Активтерін басқаруды білдіреді.
- 2.3. Сақтандырушы инвестициялық портфельді басқаруды өз атынан, бірақ Сақтанушының мүддесі үшін және Инвестициялық портфель есебінен Сақтандырушының ішкі құжаттарында және Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында белгіленген тәртіппен жүзеге асырады.
- 2.4. Инвестициялық портфельге Сақтандырушының қарыздары бойынша өндіріп алуға жол берілмейді және Сақтандырушы төлеуге дәрменсіз (банкрот) деп танылған жағдайда Сақтанушының активтері конкурстық массаға енгізілмейді.
- 2.5. Сақтанушының Активтерінен Сақтанушының қарыздары бойынша өндіріп алуға жол берілмейді.
- 2.6. Сақтанушының Активтерін инвестициялаумен байланысты инвестициялық тәуекелдерді Сақтанушы көтереді.

3. Сақтандырушының Инвестициялық портфелін есепке алу және сақтау

- 3.1. Сақтандырушының Инвестициялық портфелін есепке алуды және сақтауды Кастодиан кастодиандық қызмет көрсету шартына, Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына және Кастодианның ішкі құжаттарына сәйкес жүзеге асырады.

4. Сақтандырушының құқықтары мен міндеттері

4.1. Сақтандыруши құқылы:

- 1) Инвестициялық портфельдің құрамына кіретін бағалы қағаздармен куәландырылған барлық құқықтарды, оның ішінде акционерлердің жалпы жиналыстарына қатысу құқығын және дауыс беретін бағалы қағаздар бойынша дауыс беру құқығын жүзеге асыруға;
- 2) Инвестициялық портфельді сенімгерлік басқару жөніндегі қызметті жүзеге асыруға байланысты талап қоюға және сотта талап қою бойынша жауапкер болуға;
- 3) Сақтандырушының ішкі құжаттарына және Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес Инвестициялық портфельге қатысты кез келген мәмілелер (иеліктен шығаруды қоса алғанда) және өзге де іс-әрекеттер жасауға;
- 4) осы Шарт бойынша өз құқықтары мен міндеттерін осы Шартта, Сақтандырушының ішкі құжаттарында және Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген жағдайда және тәртіппен сақтанушының инвестицияларға қатысу шартын көздейтін сақтандыру шарттарын жасасуды жүзеге асыратын «өмірді сақтандыру» саласы бойынша лицензиясы бар басқа басқарушы компанияға немесе сақтандыру үйімінде беруге;
- 5) Сақтандырушының ішкі құжаттарына және Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес шығыстарды өтеуге және сыйақы алуға;
- 6) Сақтандырушының ішкі құжаттарына және Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес кез келген өзге де құқықтарды жүзеге асыруға.

4.2. Сақтандыруши міндетті:

- 1) Инвестициялық портфельді Сақтандырушының ішкі құжаттарына, Шартқа және Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес Клиенттердің мұддесі үшін сенімгерлік басқаруды жүзеге асыруға;
- 2) Инвестициялық портфельді басқару кезінде ең жақсы нәтижелер алу мақсатында ақылға қонымды және адал әрекет етуге;
- 3) Сақтандырушының ішкі құжаттарында және Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен Инвестициялық портфельді есепке алууды қамтамасыз етуге;
- 4) Инвестициялық портфельдің қозғалысын, құрамын және құнын есепке алууды қамтамасыз етуге, сондай-ақ Инвестициялық декларацияда және Сақтандырушының өзге де ішкі құжаттарында белгіленген тәртіппен шартты бірліктің есептік құнын айқындауға;
- 5) өз активтерінен бөлек Инвестициялық портфельдің бухгалтерлік есебін жүргізуі және Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген талаптарға сәйкес есептілік беруді жүзеге асыруға;
- 6) Инвестициялық портфельдің құнын, қозғалысы мен құрамын Кастодианмен мерзімді салыстырып тексеруді жүзеге асыруға;
- 7) Сақтандырушының ішкі құжаттарында және Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен Клиенттерді Инвестициялық портфельдің құрамы мен құны, сондай-ақ шартты бірліктің есептік құны туралы мерзімді хабардар етуге;

- 8) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес Инвестициялық портфель туралы ақпаратты ашуға;
- 9) Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында және Сақтандырушының ішкі құжаттарында тікелей көзделген өзге де шектеулерді сақтауға.

4.3. Сақтандырушы құқылары емес:

- 1) нәтижесінде Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген талаптар бұзылатын мәмілелер жасауға (оның ішінде, егер мұндай операцияны жүзеге асыру немесе осындай мәмілені орындау мүдделер қақтығысының туындауына әкеп соғатын болса, Сақтанушының Активтерімен операциялар немесе мәмілелер жасауға құқығы жоқ);
- 2) Инвестициялық портфельді өтеусіз иеліктен шығару жөнінде инвестициялық шешімдер қабылдауға;
- 3) Қазақстан Республикасының заңнамасында тыйым салынған Инвестициялық портфельмен өзге де операцияларды жасауға.

5. Клиенттердің құқықтары мен міндеттері

5.1. Сақтанушылар міндетті:

- 1) Сақтандыру шартында белгіленген тәртіппен және мерзімдерде сақтандыру сыйлықақысын төлеуге;
- 2) Сақтандырушыға деректемелердің барлық өзгерістері (жеке куәліктің нөмірі мен берілген күні, ресми мекенжайы), Сақтанушының төлем деректемелерінің өзгерістері туралы осындай өзгерістер туындаған сәттен бастап 10 (он) жұмыс күні ішінде хабарлауға;
- 3) сақтандыру шартында көзделген өзге де міндеттемелерді орындауға.

5.2. Сақтанушылар құқылары:

- 1) Инвестициялық портфельді таратқан кезде оны өткізуден алынған ақшаны алуға;
- 2) Қазақстан Республикасының заңнамасында және Сақтандырушының ішкі құжаттарында белгіленген тәртіппен және мерзімде оларға тиесілі активтерді сатып алуға ұсынуға;
- 3) Сақтандырушыдан Инвестициялық портфельдің құрамы мен құны туралы, сондай-ақ Сақтандырушының ішкі құжаттарына және Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына сәйкес Инвестициялық портфельдің шартты бірлігінің есептік құны туралы ақпаратты мерзімді алуға;
- 4) осы Шартқа, сақтандыру шартына және Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес өзге де құқықтар.

6. Сақтандырушының сыйақысы

- 6.1. Инвестициялық портфельді сенімгерлік басқару жөніндегі қызметтерді көрсеткені үшін Сақтандырушы сақтандыру шартында және Сақтандыру қағидаларында белгіленген мөлшерде, тәртіппен және мерзімде сыйақы алады.

- 6.2. Сақтанушылар Сақтандырушының өзіне тиесілі сыйақыны ұстап қалу және Инвестициялық портфельдің шотынан тиісті сомаларды, оның ішінде шартты бірліктердің қажетті санын кері сатып алу (азайту) есебінен есептен шығару жолымен Сақтандырушылардың Активтерін басқару бойынша өзі шеккен шығыстар сомасын өтеу құқығын растайды.
- 6.3. Сақтанушылар сондай-ақ Сақтандырушыға сыйақы төлеу және Инвестициялық портфельді басқару жөніндегі шығыстарды өтеу үшін Инвестициялық портфель шотында ақша жетіспеген кезде Сақтанушыға тиесілі шартты бірліктердің қажетті санын кері сатып алуды жүзеге асыру және түскен соманы тиесілі сыйақы және Сақтандырушының шығыстарын өз пайдасына өтеу мөлшерінде есептен шығару құқығын растайды.

7. Құпиялышық. Ақпаратты ашу

- 7.1. Тараптар осы Шартты орындау процесінде өздеріне белгілі болған және оны рұқсатсыз тарату Тараптардың қайсысына да залал келтіруі мүмкін ақпаратты құпия сақтауға, үшінші тұлғаларға бермеуге және пайда табу мақсатында пайдаланбауға міндеттенеді (Құпия ақпарат).
- 7.2. Сақтандырушы Құпия ақпаратқа Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген жағдайларда және тәртіппен осындағы ақпаратты алуға Қазақстан Республикасының заңнамасында уәкілеттік берілген адамдарға ғана рұқсат беруге міндеттенеді.
- 7.3. Осы Шарттың талаптарын бұза отырып, Тараптардың кез келгені Құпия ақпаратты жария еткен не таратқан жағдайда, кінәлі Тарап осындағы ақпаратты жария ету салдарынан екінші Тарап шеккен шығындарды өтей отырып, Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жауапты болады.

8. Тараптардың жауапкершілігі

- 8.1. Тараптар осы Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындаамағаны не тиісінше орындаамағаны үшін Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жауапты болады.
- 8.2. Сақтандырушының Сақтанушылардан осы Шарттың 5.1-тармағының 2) тармақшасына сәйкес деректердің өзгергені туралы мәліметтерді алмауы немесе уақтылы алмауы салдарынан келтірілген залалдарды қоса алғанда, Сақтандырушы осы Шарт бойынша міндеттемелерін орындаамауы не тиісінше орындаамауы нәтижесінде келтірілген залалдар үшін Сақтандырушылар алдында жауапты болмайды.
- 8.3. Сақтандырушы әмитенттердің өздері шығарған қаржы құралдары бойынша төлемдерге қатысты іс-әрекеттері үшін, бірақ әмитентжариялаған, бірақ төлемеген

дивидендтерді, купондық төлемдерді және қаржы құралдары бойынша өзге де кірістерді қоса алғанда, бірақ шектелмей, Сақтандырушылар алдында жауапты болмайды.

Бұдан басқа Сақтандырушы төмендегілер үшін жауапты болмайды:

- эмитенттің есептелген дивидендтер, купондық төлемдер және өзге де табыстар сомасынан салықтарды және кез келген басқа ақша сомаларын заңсыз ұстауы;
- бағалы қағаздар нарығы конъюнктурасының қолайсыз өзгеруі; бағалы қағаздар әмитенті оларды өтеу немесе осы бағалы қағаздар бойынша тиесілі мерзімді төлемдерді төлеу жөніндегі өз міндеттемелерін орындаған нәтижесінде; Сақтандырушы тарапынан бақылауға жатпайтын басқа да сыртқы факторлардың әсері, сондай-ақ Сақтандырушы бағалы қағаздарды мәміле жасау сәтінде, оны жасағанға дейін немесе жасағаннан кейін осы бағалы қағаздарға қолда бар жақсы бағамен сатып алуына/сатуына байланысты туындаған залалдар үшін;
- Сақтандырушының жасалған Шарт шеңберінде Инвестициялық портфельді құрайтын бағалы қағаздардың құнын қайта бағалаумен байланысты Сақтанушының Инвестициялық портфелінің құнын төмендеткені үшін;
- сауда және қор биржаларын ұйымдастырушылардың, тіркеушілердің, депозитарийлердің, банктердің, Инвестициялық портфельді басқару жөніндегі қызметті тікелей қамтамасыз ететін өзге де тұлғалардың іс-әрекеттері үшін.

8.4. Сақтанушының Активтерін инвестициялауға байланысты инвестициялық тәуекелдерді Сақтанушы көтереді.

9. Форс-Мажор

9.1. Егер мұндай орындау Тарап болжай алмаған немесе олардан құтыла алмаған еңсерілмейтін күш жағдайларының дүлей зілзалалар, өрттер, ереуілдер, әскери іс-қимылдар, төтенше аяу райы жағдайлары, қолданыстағы заңнаманың өзгеруі, осы Шарт қолданысының кез келген сәтінде туындаған Сақтандырушылардың қаржы құралдары мен өзге де Активтерінің нарықтық бағаларының ауытқуының салдары болып табылса (бірақ шектелмей), Тараптардың ешқайсысы осы Шарт бойынша өз міндеттемелерін толық немесе ішінара орындағаны үшін жауапты болмайды. Осында жағдайларға Тараптар сондай-ақ мемлекеттік билік және басқару органдарының (оның ішінде мемлекеттік бағалы қағаздарды қайта құрылымдау, олар бойынша төлемдерді тоқтата тұру және өтеу мерзімін кейінге қалдыру жөніндегі шешімдер) Активтерді құрайтын қаржы құралдарымен мәмілелер жасаудың мүмкін еместігін, сондай-ақ сауда-саттықты ұйымдастырушылардың, депозитарийлердің, есеп айырысу палаталарының және сауда процесіне қызмет көрсететін басқа да субъектілердің есеп айырысу, сауда-саттық, клиринг, депозитарлық операцияларды тоқтатуын, тоқтата тұруын қоса алғанда, Шарт бойынша міндеттемелерді орындау шарттарын елеулі түрде нашарлататын немесе Тараптардың өз міндеттемелерін орындауын мүмкін емес не үақтылы етпейтін іс-қимылдарын жатқызады.

- 9.2. Егер еңсерілмейтін күш мән-жайларының кез келгені осы Шартта белгіленген мерзімде Тараптың өз міндеттемесін орындауына тікелей әсер етсе, онда бұл мерзім еңсерілмейтін күштің тиісті мән-жайының қолданылу уақытына мөлшерлес жылжытылады.
- 9.3. Сақтанушы Инвестициялық портфельге нарықтық бағалар және осы бағалардың өзгеруі Сақтандырушының бақылауынан тыс екендігін толық түсінеді және келіседі. Сақтанушы Сақтандырушының шешімі бойынша сатып алған Активтерге нарықтық бағалардың өзгеруінен болған Активтер құнының төмендеуі еңсерілмейтін күш мән-жайы болып табылатындығымен келіседі және Сақтандырушы бағалардың осындай өзгеруі үшін жаупты болмайды.

10. Қорытынды ережелер

- 10.1. Осы Шарт Сақтандыруға арналған өтінішке қол қойылған және сақтандыру сыйлықақысын толық көлемде төлеген сәттен бастап күшіне енеді және сақтандыру шартының қолданылу мерзімі ішінде немесе ол бұзылғанға дейін Сақтандыру шартында айқындалған тәртіппен қолданылады.
- 10.2. Осы Шартта реттелмеген барлық мәселелер бойынша Тараптар Қазақстан Республикасының заңнамасын және Сақтандырушының ішкі құжаттарын басшылыққа алады.
- 10.3. Тараптар арасындағы осы Шарт бойынша және/немесе соған байланысты туындаityн барлық дауларды Тараптар келіссөздер жолымен шешеді.
- 10.4. Егер Тараптар өзара келісімге қол жеткізбесе, осы Шарт бойынша және соған байланысты туындаityн даулар мен келіспеушіліктер Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен шешілуі тиіс.